



**2025-2026 оқу жылына арналған «Музыка» ұйымдастырылған іс- әрекеттің
перспективалық жоспары
«Гүл» мектепалды әртүрлі жас тобы**

**2025-2026 оқу жылына арналған «Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Айгөлек» жеке балабақшасы.

Топ: «Гүл» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезені: 2025-2026 ж.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті
Қыркүйек	Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
	<p>Музыка тындау: Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.</p> <p>Ән айту: Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету .</p> <p>Билер: Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу.</p> <p>Музыкалық аспаптарында ойнау: Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілік танытады.Музыкалық аспаптарда қарапайым әуендерді орындайды.Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды орындайды.</p>
Қазан	Тәуелсіздік және Отаншылдық айы
	<p>Музыка тындау: Классикалық,халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру.</p> <p>Ән айту: Ән айту дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Марш сипатын анық ырғақты жүрумен бере білуге үйрету.</p> <p>Билер: Би қимылдарының элементтерін жеңіл,еркін орындауға үйрету.</p> <p>Музыкалық аспаптарында ойнау: Музыкалық шулы аспаптармен таныстыру. (дауылпаз аспабының ойнау тәсілімен таныстыру)</p> <p>Күтілетін нәтиже:Марш сипатын анық ырғақты жүрумен,музыканың қимыл сипатын жеңіл және орташа ырғақпен береді.Классикалық ,халықтық және заманауи музыкамен танысады.</p>
Қараша	Әділдік және жауапкершілік айы
	<p>Музыка тындау: Музыкалық шығармаға өзінің көзқарасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту.</p> <p>Ән айту: бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айтуға үйрету.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіре білуге дағдыландыру.</p> <p>Билер: Қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Музыкалық аспаптарында ойнау: ұрмалы аспап тұяқтас.(тұяқтас аспаптарымен таныстыру.)</p> <p>Күтілетін нәтиже: музыкалық шығармаларға көзқарасын білдіреді, оның сипаты, мазмұны туралы айтады.Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды орындайды.Бірінші октаваның ре-, екінші октаваның до- диапазонында жеңіл дауыспен ән айтады.</p>

Желтоқсан	Бірлік және ынтымақ айы
	<p>Музыка тындау: Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. Музыканың сипатын бейнеленің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.</p> <p>Ән айту: Ән айтар алдында музыкалық фразалар арасында тыныс алуды үйрету.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Жүрелеп отыру, жүрелеп отырып жүру қимылдары.</p> <p>Би : Қазақ халқының би өнерімен таныстыру.</p> <p>Музыкалық аспаптарында ойнау: Балалар шығармашылығын дамыту , ксилофон аспабымен таныстыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Музыкалық шығармаларға көзқарасын білдіреді, оның сипаты, мазмұны туралы айтады. Музыкалық фразалардың арасында тыныс алуды біледі.</p>
Қаңтар	Заң және тәртіп айы
	<p>Музыка тындау: Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру. Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету.</p> <p>Ән айту: Әннің сөздерін анық айтуға дағдыландыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.</p> <p>Билер: Қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін меңгерту.</p> <p>Музыкалық аспаптарында ойнау: Музыкалық (сазсырнай, асатаяқ) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Қарапайым музыкалық жанрларды ажыратады (күй, ән, би, марш). Әннің сөзін анық айтады. Музыканың қимыл сипатын жеңіл және орташа ырғақпен береді.</p>
Ақпан	Жасампаздық және жаңашылдық айы
	<p>Музыка тындау: Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.</p> <p>Ән айту: Әнді орташа, қатты және ақырын дауыспен айтуды үйрету.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Ырғақпен жеңіл жүгіру.</p> <p>Билер: Би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру.</p> <p>Музыкалық аспаптарында ойнау: Музыкалық (бубен, қоңырау) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Шығарманың жеке фрагменттерін ажырата алады. Балаларға арналған бубен, қоңырау аспаптарында ойнау тәсілін меңгерді.</p>

Наурыз

Тәуелсіздік және Отаншылдық айы

Музыка тыңдау: Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазының, Қорқыттың, Тәттімбеттің, Дина Нұрпейісованың, Дәулеткерей Шығайұлының, Ықылас Дүкенұлының шығармаларымен таныстыру.

Ән айту: Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту.

Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өз бетінше орындауға үйрету.

Билер: «Қара жорға» биін билету. Би шығармашылығымен таныстыру.

Музыкалық аспаптарында ойнау: Музыкалық (сыбызғы, домбыра) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.

Күтілетін нәтиже: Қазақ халқының күйші, композиторларын біледі; таныс әндерді өз бетінше музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды.

Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Сәуір

Музыка тыңдау: Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.

Ән айту: Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға үйрету.

Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қосалқы және ауыспалы қадам жасауды үйрету.

Билер: Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару дағдыларын қалыптастыру.

Музыкалық аспаптарында ойнау: Музыкалық (металлофон, барабан) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.

Күтілетін нәтиже: музыкалық аспаптарда қарапайым әуендерді ойнайды. Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды орындайды.

Бірлік және ынтымақ айы

Мамыр

Музыка тыңдау: Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.

Ән айту: Әнді музыкалық талғаммен орындау дағдыларын қалыптастыру.

Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгерту.

Билер: Мәтінге сәйкес әнді сахналау, шығармашылық тапсырмаларды орындауға үйрету.

Музыкалық аспаптарында ойнау: Музыкалық (маракас, румба) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.

Күтілетін нәтиже: Музыканың сипатына сәйкес әнді сахналайды, тапсырмаларды орындайды. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын біледі.